

Г.Б. Нарымбет *, Ж.И. Мулдахметова , Р.С. Лабенова , Г.Д. Байбосынова 

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: n.gulnur_85@mail.ru; zhanar_0869@gmail.ru; labenova74@mail.ru; gulza-79@mail.ru)

Жошы Ұлысының саяси құрылысы: тарихы және мәселелері

Еуразияның көптеген халықтарының тарихында орасан зор рөл атқарған Жошы Ұлысының тарихы соңғы жылдары зерттеушілердің назарын көбірек аударып келеді. Осыған байланысты, бұл мақалада ортағасырлық дереккөздердегі Жошы мемлекеті атауларының түрлері қарастырылған. Авторлар Алтын Орда мемлекетінің саяси, геосаяси, әулеттік-саяси және күрделі-құрамдас атауларының пайдалану ерекшеліктерін зерделеген. Жошы Ұлысының және оның ізбасарларының мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымын көрсететін негізгі ұғымдардың семантикасына және мемлекеттік жүйенің құрылымына талдау жасаған. Сондай-ақ Жошы Ұлысының экономикалық дамуы, мәдени өмірі және саяси тарихының негізгі кезеңдері сипатталған.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, Жошы Ұлысы, саяси қатар, мемлекеттік құрылым, Жошы Ұлысының шаруашылығының дамуы, тарихтың саяси кезеңі.

Kipicne

Жошы Ұлысы Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның ортағасырлық тарихында ерекше орынға ие. Себебі, Жошы Ұлысы Еуразиядағы ең ірі бірлестік бола отырып, тікелей және жанама түрде халықтардың тарихи дамуына ықпал етті. Жошы Ұлысының құрамына енген ауқымды территория халықтардың болашақта қалыптасуы мен этномәдени ықпалдастығының көпіріне айналды және орталықтандырылған мемлекеттің шеңберінде тарихи өмір сүрудің тәжірибесі өзіндік мемлекеттік формалардың қалыптасуына ықпал етті. Өзінің гүлденуі кезеңінде Жошы Ұлысы шығысында Ертістен бастап, батысында Дунайға дейінгі және солтүстігінде Ақ теңізден бастап оңтүстігіндегі Қара және Каспий теңіздеріне дейінгі территориядағы әртүрлі мәдениет пен шаруашылық типтерін және саяси билік түрлерін ұстанған халықтарды өз билігінің асына біріктіре білді. Сондықтан, ғылыми ортада Жошы Ұлысының тарихы үлкен қызығушылық танытады. Атап айтқанда, Еуразияның көшпелі және отырықшы қоғамының даму тарихында маңызды орынға ие болған Жошы Ұлысының тарихын зерттеу әртүрлі ұлттық тарихнама өкілдерінің зерттеу нысанына айналып отыр. Өзімізге белгілі, империялық және кеңестік кезеңдегі идеология Еуразия халықтарының тарихындағы Жошы Ұлысының алған орны мен атқарған рөлін ғылыми тұрғыдан зерттеуге шектеу қойған болатын. Сондықтан, осы кезеңде басылып шыққан ғылыми жұмыстарда Жошы Ұлысының тарихы әлемдік өркениетке «кері» үлес қосты деген тұжырым негізінде қарастырылды. Дегенмен, тәуелсіздікке қол жеткізген соң Жошы Ұлысы тарихының зерттелуі нақты түрде жолға қойыла бастады, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап біршама зерттеушілер осы тақырыпқа белсенді түрде ғылыми жұмыстар жаза бастады. Қазіргі уақытта да отандық тарихнамада Жошы Ұлысы тарихының зерттелуі ауқымды әрі маңызды мәселелердің бірі. Осы ретте Жошы Ұлысы тарихын зерттеу барысында келесідей бірқатар саяси мәселелерге, соның ішінде мемлекеттің құрылымы, басқару жүйесі, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, құқық негіздері және көрші елдермен саяси-дипломатиялық қарым-қатынастары сияқты мәселелерді атап көрсетуге болады.

Осымен бірге, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» [1] сұхбатында және Ұлытау мен Атырау жерлерінде өткен Ұлттық құрылтай отырыстарында «...Ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын Орда әміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған Алтын Орда мемлекетінің мұрагері ретінде Жошы ханның кесенесін абаттандыру — біздің адами және ғылыми парызымыз. Биыл Жошы Ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толады. Жошы Ұлысы Қазақстанның мемлекеттілік дәстүрінде айрықша орын алады» деп көрсетті. Мұның өзі мемлекет басшысының Жошы Ұлысының тарихына қатысты кең ауқымды зерттеулердің қолға алынуы

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: n.gulnur_85@mail.ru

қажеттігіне баса назар аударғанын көрсетеді [2]. Осымен бірге, 2020 ж. 18 тамызында Қазақстан Президентінің тапсырмасы бойынша Жошы Ұлысын зерттейтін ғылыми институттың құрылуы да маңызды қадамдардың бірі еді. Бұл институттың қызметкерлері Алтын Орда мұрасын зерттеудің мамандандырылған бағыты бойынша Орта ғасыр кезеңі мен жаңа уақытты қоса алғанда (Жошы ұлысы — Қазақ хандығы) Қазақстанның саяси, этномәдени, әлеуметтік және әскери тарихының негізгі проблемаларына кешенді зерттеу жүргізуде.

Әдіснама және зерттеу әдістері

Мақаланың теориялық-методологиялық негізін диалектика және объективтілік принциптері құрайды. Қазақ халқының ауызша шығармасының дамуын, оның себеп-салдарын анықтау барысында диалектика принципі басшылыққа алынды. Объективтілік принципі батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Егер, тарих оқиғаларды фактілер арқылы түсіндіретін болса, халықтың бұл оқиғаларды қабылдауы фольклорда шарықтайды. Тарихтың әрбір кезеңінің өзіндік фольклоры бар және ғалымдар фольклор мен тарихтың сәйкестігін жоққа шығармайды. Дегенмен, жекелеген кезеңдер бойынша фольклорды зерттеу жаңа құбылыстардың бірі болып саналады. Бұл діни және мәдени жағынан бай мәліметтерге ие болып табылатын, осыған қоса қазақ фольклорының аз зерттелген салаларының бірі — Жошы Ұлысы кезеңінің фольклорына қатысты. Жошы Ұлысы кезеңіндегі халықтардың рухани мәдениеті, соның ішінде фольклоры оған дейінгі кезеңнің фольклорының, мифологиясының, этикалық тарихының, дәстүрінің жалғасы ретінде қалыптасқаны белгілі. Материалдық және рухани мәдениеттің ескерткіштері, соның ішінде маңызды рөл атқаратын қазақ батырлар жыры Қазақстан территориясындағы көшпелілердің этносаяси тарихының негізгі кезеңдерін зерттеу үшін ақпараттық деректер болып табылады. Дегенмен, қазіргі уақытта фольклорлық жанрларға деген сұранымның төмендеуі салдарынан ауызша халық шығармасының бірегей дәстүрі және ақпаратты ауызша жеткізу үрдісі жоғалуда. Оларды жаппай мәдениет, атап айтқанда кәсіби өнер, Интернет, теледидар және әлемдік әдебиет алмастыруда. Сондықтан, қазіргі уақытта халықтың ауызша дәстүрін, батырлар жырын маңызды тарихи дерек ретінде қарастырудың маңызы артып отыр.

Талқылау

Алдымен, атап өту қажет, Жошы Ұлысының кең түрде тараған этногеографиялық және этносаяси атауымен «қыпшақ» (парсы, араб және түркі деректерінде) және «татар» (араб, орыс және Батыс Еуропа деректерінде) түсініктерінің компонентімен тығыз байланысты. Осымен бірге, XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап парсы деректерінде Жошы Ұлысының халқын белгілеу үшін «өзбек» этнонимі қолданылады. Ал, геосаяси атауы «Ақ Орда» және «Көк Орда» түсініктері XIV ғасырдан бастап түркі, парсы және орыс деректерінде пайдаланылады және Жошы Ұлысының оң және сол қанаттарын білдіреді. Егер де Жошы Ұлысының және оның жекелеген бөліктерінің билеушілерінің есімдері қолданылған «династиялық-географиялық» және «династиялық-саяси» атауларына, атап айтқанда «Жошы Ұлысы», «Бату Ұлысы», «Орда Ұлысы» атауларына келер болсақ, бұл атаулар араб, парсы және армяндық авторлардың тарабынан жиі қолданылған. «Жошы Ұлысы» түсінігі Шыңғыс ханның үлкен ұлының қол астына берілген жерлер мен халықтардың атауын білдірді. «Бату Ұлысы» және «Орда Ұлысы» атаулары Жошы мемлекетінің оң және сол қанаттарын құрады [3; 12].

Атап өту қажет, моңғол тілінде «ұлыс» түсінігінің бірнеше мағынасы бар: біріншісі, «халық, адамдар», екіншісі «бағындырылған адамдар», үшіншісі «игерілген территориялар, мемлекет», төртіншісі «мемлекет» дегенді білдіреді. Бастапқыда «Жошы Ұлысы» атауы Шыңғыс ханның үлкен ұлының басқаруына берілген жерлерді білдіресе, соңынан бұл Ұлыс өсіп, нақты мемлекеттік жүйесі бар елге айналды.

Жошы Ұлысының құрылу кезеңі Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы 1207-08 жылдары Батыс Сібір халықтарына сәтті жорық жасап, қазіргі буряттардың «орман халықтарын» жаулап алған кезден бастап есептеледі. Жошы Ұлысының құрылуы Шыңғыс хан империясының мұрагерлері арасында нақты бөлінуімен ерекшеленеді. 1224 ж. Шыңғыс хан өзінің ұлы империясын Жошы, Шағатай, Үгедей және Төле ұлдары арасында бөлді, осылайша алғашқы құрылған Ұлыс — Жошы ұлысына айқын шекаралар берді [4; 40]. Осылайша, Жошы Ұлысы — Шыңғысханның Қыпшақ хандығы мен Хорезм шахтарының мемлекетіне жасаған жорығының нәтижесінде құрылған мемлекеттік бірлік. Шыңғысхан бүкіл жаулап алған жерлерін бәйбішеден туған төрт ұлына бөлгенде Шығыс Дешті

Қыпшақ аумағы үлкен ұлы Жошыға беріледі де, ол сол заманда-ақ Жошы Ұлысы деген атауға ие болады.

Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағында» 1219-1225 жылдары Самарқандқа жасаған жорығынан соң Шыңғыс хан Жошыға 4 мың жуық орыс, сонымен бірге қыпшақтар мен венгерлерден құралған әскер бергендігі және Жошының қол астындағылардың саны 13 мың отбасыға жеткендігі, Жошы Ұлысының астанасы Ертіс өзені бойында жайғасқаны туралы мәлімделеді [5; 25]. Осылайша, 1224 ж. Моңғол империясының батыс бөлігі Жошы Ұлысының кең территориясында жайғасты. 1227 жылы 42 жасында Жошы қайтыс болады. Жошының қазасына байланысты жазба деректер мен халық ауыз әдебиеті нұсқаларында түрлі, бір-біріне қайшы деректер бар. Бір деректе Жошы аңшылық құрып жүрген кезінде қайтыс болды делінсе, қазіргі уақытта көптеген ғалымдар Жошы ауырып қайтыс болды деген пікірді қолдайды.

Жошы қайтыс болғаннан кейін, оның қазіргі Қазақстанның далалық аумағын алып жатқан ұлысына жана билеуші тағайындау мәселесі туындайды. Жошы ұлысына тақ мұрагерін тағайындау мәселесіне қатысты ортағасырлық автор Өтеміс қажының «Шыңғыс нама» қолжазбасында қызықты мәлімет кездеседі. «Шыңғыс хан Жошының үлкен ұлдарын Орда Ежен, Бату, Шайбан мен Тұқай-Темірді Қорақорымға шақырады. Сол жиында Жошының үлкен ұлы Орда тақ билігінен бас тартып інісі Батуға жол береді. «Шыңғыс хан немерелеріне риза болып Алтын босағалы Ақ Орданы Батуға, күмістен жасалған Көк Орданы Еженге, болат босағалы Боз Орданы Ордаға берсе, Тұқай Темірге түк те бермеді деп жазады» [6; 158].

Осылай атасының қалауымен Бату Шығыс Дешті Қыпшақтағы Жошы ұлысының билеушісі болып тағайындалды. Алайда ол Ертіс пен Жайық арасындағы шексіз даланы алып жатқан ұлысты ағасы Ордамен бірге басқарды. Әкесінің ұлысындағы биліктен өз еркімен бас тартып, інісінің билігін мойындаған Орда Ежен өз отауын Ертістің жағалауында тігіп, ұлыстың шығыс бөлігін басқарса, Бату ұлыстың батыс бөлігін, Ұлытау мен Жайық арасын мекендеген ру-тайпаларда билік құрды [7].

Батысқа Ұлы жорық 1236 жылы басталды. Бату Еділ Болгариясына аттанған әскерді өзі басқарып, 1237 жылдың күзіне дейін бұл жерлерді Шыңғыс хан империясының құрамына кіргізді. Содан кейін 1237–1241 жылдары орыс княздықтары, қыпшақтар мен Солтүстік Кавказ халықтары толығымен бағындырылды. 1241 жылы Бату әскері Орталық Еуропаға жорығын бастады. Оның бір бөлігі Молдавия мен Валахия жеріне шабуыл жасаса, екінші бөлігі Польшаға, ал Бату мен Сүбедей бахадүр басқарған моңғолдың басты күштері Венгрияға жорық жасады. Шайо өзені бойындағы Венгр королі IV Бела әскерімен болған үлкен шайқаста Бату өзінің дарынды қолбасшы екенін көрсетіп, жаудың ең күшті әскерін тас-талқан етіп жеңді.

Бату билігі кезеңінде Жошы Ұлысы мемлекеттік иелікке айналады. 1242 жылы Бату хан батысқа қарай Ұлыс территориясын едәуір кеңейтіп, Батыс жорығынан оралып, Еділ өзенінің сағасына қоныстанды және осы жерлерге өз мемлекетін құрды. 1250 ж. бастап Жошы Ұлысының экономикалық және сауда орталығы Еділдің орта ағысындағы Бұлғар қаласынан Сарай қаласына ауысады. Сарай қаласы ұлыстың маңызды экономикалық және саяси орталығына айналып, стратегиялық маңызға ие болады. Осы кезеңде Жошы Ұлысы Моңғол империясының әкімшілік-саяси құрамдас бөлігінің бірі болып, моңғол хандарының билігі мен заңдарына бағынды. Екінші жағынан Бату ханның Жошы Ұлысының әкімшілік орталығы жаңа қалаға ауыстыруы, осымен бірге әкімшілік билік пен мемлекеттік жүйенің құрылуы — моңғол ханының билігінен бөліну және тәуелсіздік алу үрдістерін көрсетті [8; 824].

1242 жылдан бастап, ол өте қысқа уақыт ішінде тек өзіне бағынатын мемлекеттің негізгі билік институттарын қалыптастырды. Осы кезеңде Жошы ұлысының салыстырмалы түрде нақтыланған шекаралары қалыптасты. Оның құрамына Сібір, Орал, Еділ, Қыпшақ даласы, оңтүстік орыс жерлері кірді. Батуға сонымен қатар Солтүстік-Шығыс орыс жерлері, Грузия, Селжүк сұлтанаты, Қырымдағы Феодоро княздігі, Влахо-Болғар патшалығы бағынышты болды. Батудың тағайындаған нойондары Иранның кейбір өлкелеріне де билік құрды [7].

Белгілі ортағасырлық Иран тарихшысы Рашид ад-Диннің келтірген мәліметіне сәйкес, Бату хижраның 650 жылы / 1252–1253 жылы 48 жасында қайтыс болған. Ата Мәлік Джувеинидің хабарына және орыс жылнамаларына сәйкес, ол 1255 жылы қайтыс болды. Белгілі қазақ тарихшысы Зардыхан Қинаятұлының пікірінше, ол алапес ауруы салдарынан дүниеден өткен. Бату өз ұлысының астанасы болған Еділ жағалауында орналасқан Сарай немесе Сарай-Бату қаласында жерленді.

1257 жылдан бастап Беркенің тұсында Жошы Ұлысы едәуір күшейіп, Моңғол империясынан бөлініп, тәуелсіз мемлекетке айналды. Беркенің басқару саясатының айрықша ерекшелігі —

мемлекетте исламның таралуының басталуы болды, дегенмен исламдану үрдісі Орталық Азия мен Еділ Болгария қалаларында белсенді жұмыс істейтін ықпалды ислам саудагерлерінің қолдауымен Өзбек ханының қол астында аяқталды.

Көптеген ғылыми жұмыстарда Жошы Ұлысының гүлденуі Өзбек хан билігі кезеңіне сай келетіндігі атап көрсетіледі. Моңғол зерттеушісі Ж. Гэрэлбадрах араб және парсы тілдеріндегі XIV–XV ғасырларда тарихи жылнамалар мен діни мәтіндерді зерттей отырып, бұл құжаттарда Өзбек ханның ислам дінін таратудағы және нығайтудағы рөлін атап көрсетеді [8; 826]. Ал, Л.Н. Гумилевтің пікірінше Өзбек ханның билігі кезінде Жошы мемлекеті әлсірейді және ол исламды мемлекеттік дін деп жариялап, оған бағынбағандарды жою саясатын ұстанған [9; 616].

Жошы Ұлысының мемлекеттік құрылысы мен әкімшілік бөлінуіне келер болсақ, оның Ұлы Моңғолдар империясының құрамына кіргендігіне қарамастан және дәстүрлі көшпелі мемлекетке сай екі қанатқа бөлінді, ұлыстың Батыс және Шығыс қанаттары әртүрлі жағдайларда дамыды. Егерде, Жошының үлкен ұлы Орданың кең шығыс территорияларын басқарса, екінші ұлы Бату батыс территорияларда өзінің мемлекеттік тәртіптерін орнатып, астанасын құрады. Осылайша, Жошының ұрпақтары өз басқаруларын ұлысқа бөліп, жаулап алған жерлерге моңғол ережесіне сәйкес билік жасады. Соңғы жылнамаларда басқарудың мұндай түрі «орда» атануына ие болды. «Орда» түсінігі түрік сөзінен шыққан және «әміршінің ордасы» дегенді білдіреді [10; 32-39].

Орданың тәуелсіз басқару бірлігі болғандығын Жошы Ұлысының тоқырауы және құлауы кезеңінде Алтын Орда территориясындағы иеліктердің әрқайсысы жеке ыдырағандығын дәлелдейді. Құлау кезеңінде Жошы Ұлысы түмен (он мың), мыңдық, жүздік және ондық жүйе принципі бойынша ыдыраған жоқ, ал, көптеген хандықтар болып ыдырады. Осылайша, 1357 жылдан бастаған мемлекеттік кезеңді Орда басшыларының арасындағы қайшылықтар мен күрес кезеңі деп көрсетуге болады [11; 162]. Әрине, Жошы мемлекетінде қанша Орда саны болғандығы жөнінде нақты ақпарат жоқ. Дегенмен, моңғол иеліктеріне ұқсас мемлекеттік құрылыс серпінді сипатқа ие болып, өзгерістерге ұшырап отырды. Мысалы, Жошы ханның мұрагерлері кейінгі хандардың мұрагерлеріне қарағанда ірі иеліктерді иеленген.

Деректердің жоқтығына байланысты көптеген зерттеушілер Жошы Ұлысының мемлекеттік басқарудың моңғолдық құрылымы азаматтық әкімшілік жүйемен қоса, құрылымдық қызметі барысында өзекті болды. Жошы Ұлысы мемлекеттік аппарат құрылысының басқа аспектілері анықталмаған. Дегенмен, зерттеушілердің пікірінше Жошы Ұлысының мемлекеттік кеңесі ильханат хандығының немесе мәмлүктер сұлтанатының құрылымына ұқсас [12; 51].

Жошы Ұлысының заңшығарушы және сот жүйесі моңғол дәстүріне негізделді, дегенмен, оның жүйесіне сол кезеңнің қажеттіліктеріне сай жаңашылдықтарда енді. Мемлекетте Шыңғысхан кезеңінен бастау алған жасақ (яса) заңдар жинағы күшінде болды. 1320 ж. Өзбек ханның ислам дінін мемлекеттік дін деп ресми жариялауынан кейін және Жошы Ұлысы халқының көпшілігі мұсылман дінін қабылдағаннан соң құқықтық жүйе ислам принциптеріне негізделді. Хан жоғары судья бола отырып, мемлекеттің маңызды істерін қарастырды, ал күнделікті істер ислам судьялары — қаді тарабынан қарастырылған [8; 826].

Жошы Ұлысының тайпалары мен руларына келер болсақ, ұлыс XIV-XV ғғ. түркі тілдес этникалық қауымды құрады. Себебі, Алтын Ордадағы моңғол халқының үлес салмағы айтарлықтай үлкен болмады. XIV ғ. бұл моңғолдар толықтай түркіленіп кеткен [13;78]. Дешті Қыпшаққа келген моңғолдардың түркі көшпелілерімен ассимиляциясын араб авторы әрі сол кезде өмір сүрген замандасы ал-Омари «Ежелгі дәуірде бұл мемлекет қыпшақтардың мемлекеті болды, бірақ бұл жерге татарлар иелік еткен кезде қыпшақтар олардың құзырында еді. Соңынан татарлар қыпшақтармен араласып, туыстас бола бастады. Жер татарлардың табиғи және нәсілдік сапасына ықпал еті, соңынан олардың бәрі қыпшақтарға айналды. Моңғолдар мен татарлар қыпшақтардың жеріне қоныстанып, олармен неке қиып, қыпшақтардың жерінде өмір сүріп қалды. Осылайша, кез келген бір мемлекетте ұзақ болу адамның сол жерге сіңуіне ықпал етеді және сол жердің табиғатына сәйкес олардың туған келбетін өзгеріске ұшыратады» [14; 235] деп атап көрсеткен. Осымен бірге, зерттеушілер Жошы ұрпақтарының мемлекеті династиялық жағынан «көп ұлтты» болды, ал шындығында мәдениет, шаруашылық және этникалық негізі жағынан Түркі мемлекеті болған деген негізделген қорытынды жасайды [15; 100].

Жоғарыда аталған мәселелермен қатар, Жошы Ұлысы тарихының кезеңделуі бірқатар қайшылықтарға ие. Жошы мемлекеті тарихын кезеңдеуде әртүрлі пікірлер қалыптасқан және бұл мәселе қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде жалпылама түрінде қарастырылады.

Моңғол зерттеушісі С. Цоломон өзінің еңбегінде үш кезенді бөліп көрсетеді: бастапқы кезең 1242-1266 жылдармен анықталады және Бату мен Беркенің билігімен және Жошы мемлекетінің құрылуымен сипатталады. Келесі кезең мемлекеттің гүлденуімен айқындалады және 1267-1359 жылдар аралығын қамтиды. Үшінші кезең XIV ғ. 60-жылдарындағы мемлекеттің ыдырауымен байланысты [16].

Профессор С. Лочин өзінің хронологиясын ұсынады: ол мемлекеттің ішінде орын алған тоқырау кезеңін кіші билеушілер кезеңі деп ауыстыруды ұсынады. Кіші билеушілердің бірінші кезеңін Өзбек ханнан кейін Орыс ханға дейінгі кезеңді, яғни 1341–1372 жж. аралығын көрсетсе, екінші кезеңді Тоқтамыс ханның билігінің құлауынан Жошы мемлекетінің ыдырауына дейінгі кезеңді, яғни 1395-1502 жж. бөліп көрсетеді. Ресейлік тарихнамада Жошы Ұлысы тарихының кезеңделуі келесідей беріледі: бірінші кезең — Алтын Орда негізінің қаланған уақыты, екіншісі — оның Моңғол империясының құрамына кірген уақыты, үшінші кезеңі — Алтын Орда мемлекетінің гүлденген кезеңі (Өзбек ханның және Жәнібек ханның билігі), төртінші кезең — Тоқтамыс билігі, бесінші кезең — Жошы мемлекетінің құлауы [8; 822].

Атап өту қажет, «Жошы Ұлысы» және «Алтын Орда» терминологиясын қолдану әр түрлі кезеңдегі мемлекеттік құрылымдарға жататындығын ескеру қажет. Жошы Ұлысы деп Алтай және Батыс Сібір, сонымен бірге Көк Орда және Ақ Орданы біріктіретін ауқымды территория аталды. Ал, «Алтын Орда» атауы өзіндік жаулап алу соғыстарын нәтижелі жүргізген және территориясы жағынан Батыс Еуропаға дейінгі созылған Бату хан құрған жеке империялық мемлекетке қатысты қолданылды [17]. «Жошы Ұлысы» және «Алтын Орда» атауларының пайда болуы Жошы Ұлысындағы ішкі саяси конъюктураның өзгеріске ұшырауымен байланысты. Яғни, Жошы Ұлысының ыдырауы нәтижесінде оның құрамынан бөлініп шыққан тәуелсіз иеліктерді белгілеу қажеттілігінен туындаған. Белгілі бір мемлекеттің атауы ретінде қолданылатын «Алтын Орда» атауы алғаш рет XVI ғ. деректерінде атап көрсетілген [18]. Зерттеуші В.Л. Егоровтың пікірінше «Жошы Ұлысы» және «Алтын Орда» атаулары өздерінің территориялық және мемлекеттік-құқықтық жағынан синоним болып табылмайды. Бұл сәйкессіздік ұлыстық жүйенің әскери-саяси сипатымен, атап айтқанда моңғол армиясы құрылымына сәйкес жаулап алған жерлердің Орда хан мен Бату ханның арасында оң және сол қанаттарға бөлінуімен түсіндіріледі [19].

Қорытынды

Жошы ұлысы — бұл Орта Азияның тарихында маңызды орын алатын, өз дәуірінде кең аумақты қамтыған мемлекет. Жошы ұлысының тарихы, мәдениеті және саяси құрылымы бүгінгі қазақ тарихының іргелі бөлшегі. Әртүрлі деректерде Жошы Ұлысының көптеген атаулары кездесетіндігін көруімізге болады. Бұл атауларда мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктері, территориялық құрамы, этникалық үрдістер көрініс тапқан. Жошы Ұлысының қалыптасуы бірыңғай моңғол мемлекетінің билік институтының қалыптасуымен және әскери, азаматтық әкімшілік кадрларымен тікелей байланысы бар ұйымдастырушылық принциптердің өңделуімен қатар жүрді. Дегенмен, Жошы Ұлысының саяси құрылысы мен оның тарихына қатысты тарих ғылымында бірқатар мәселелер орын алғандығын көруімізге болады. Бұл қарама-қайшылықтар мен мәселелер Жошы Ұлысы тарихының кезеңделуіне, Ұлыстың географиялық, этногеографиялық, династиялық-саяси атауларына т.б. байланысты. Соңғы уақытта жаңа ғылыми зерттеу жұмыстарының жарыққа шығуына және жаңа деректердің ғылыми айналымына енуіне қарамастан Жошы Ұлысының саяси тарихы мен саяси құрылысының жалпы тенденциялары және жекелеген ерекшеліктері қосымша зерттеулерді талап етеді. Сондықтан, Жошы Ұлысы саласында тарихи зерттеулерді және пікірталастарды жүргізу және әртүрлі деректерді салыстырып, ғылыми айналымға енгізу Жошы Ұлысына қатысты зерттеу жұмыстарын жаңа деңгейге шығарады.

Әдебиеттер тізімі

1 Қасым-Жомарт Тоқаев: Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек // «Егемен Қазақстан» газеті. — 2024. — 3 қаңтар.

2 Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulityk-kuryltaydyn-ushinshi-otyrysyn-otkizdi-152631>

3 Мустакимов И.А. Государственное устройство, территориальный состав и этносоциальная структура Джучиева Улуса XIII–XVI вв.: автореф. дисс. ... канд. ист. наук / И.А. Мустакимов. — Казань, 2012. — 24 с.

- 4 Абусейтова М.Х. История Казахстана в персидских источниках. — Т. 4: сб. материалов, относящихся к истории Золотой Орды / М.Х. Абусейтова. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 620 с.
- 5 Рашид ад-дин. Шуаб-и панджгана (Пять родословий) / пер. с перс. Ч.И. Хамидовой. — Казань: Ин-т истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019. — 228 с.
- 6 Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме / Өтеміс қажы. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 400 б.
- 7 Өтелбайұлы Ф. Батыс пен Шығысты біріктірген Бату [Электрондық ресурс] / Ф. Өтелбайұлы. — Қолжетімділік тәртібі: <https://e-history.kz/kz/news/show/339482>
- 8 Хэрээд Ж.У. Монгольская страница истории Улуса Джучи / Ж.У. Хэрээд // Золотоордынское обозрение. — 2022. — № 10 (4). — С. 819–839.
- 9 Гумилёв Л.Н. Древняя Русь и Великая степь / Л.Н. Гумилёв. — М.: Мысль, 1993. — 784 с.
- 10 Derfer G. Turkische und mongolische Elemente im Neupersischen / G. Derfer. Weisbaden. Franz Steiner, 1965. — 640 p.
- 11 Чинзориг Б. Зүчийн улс [Улус Джучи] / Б. Чинзориг, Ж. Гэрэлбадрах, Д. Өлзийбаатар. — Улаанбаатар: Steppe publishing 2019. — 343 х.
- 12 Петрушевский И.П. Земледелие и аграрные отношения в Иране XIII–XIV вв. / И.П. Петрушевский. — М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1960. — 492 с.
- 13 Султанов Т.И. К историографии этнополитической истории Улусов Джучи и Чагатая / Т.И. Султанов // Золотоордынское обозрение. — 2017. — №1. — С. 74–92.
- 14 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. — Т. 1. Извлечения из сочинений арабских / В.Г. Тизенгаузен. — СПб., 1884. — 564 с.
- 15 Усманова М.А. Жалованные акты Джучиева Улуса XIV–XVI вв. / М.А. Усманова. — Казань: Казан. гос. ун-т, 1979. — 319 с.
- 16 Цолмон С. Монголын Алтан Орд улс [Государство монголов Золотая Орда] / С. Цолмон. — Улаанбаатар: Адмон, 2006. — 169 х.
- 17 Маргулан А.С. Историческая терминология в контексте изучения понятий: «Улус Джучи» и «Золотая Орда» / А.С. Маргулан // Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. Исторические и социально-политические науки. — 2020. — № 2. — С. 613–617.
- 18 Казанский летописец // Полное собрание русских летописей. — Т. XIX. — СПб., 1903. — С. 5–8.
- 19 Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. / В.Л. Егоров. — М.: Красанд, 2010. — 245 с.

Г.Б. Нарымбет, Ж.И. Мулдахметова, Р.С. Лабенова, Г.Д. Байбосынова

Политический строй Улуса Джучи: история и проблемы

История Улуса Джучи — государства, сыгравшего огромную роль в истории многих народов Евразии, — в последние годы привлекает все большее внимание исследователей. В связи с этим, в данной статье рассмотрены разновидности наименований государства Джучидов в средневековых источниках. Авторы рассматривают особенности использования политических, геополитических, династийно-политических, сложно-составных наименований золотоордынского государства, анализируют семантику ключевых понятий, отражающих государственное и административно-территориальное устройство Улуса Джучи и его преемников, структуру государственного строя и определяют организацию чиновничьего аппарата, государственного управления. Кроме того, описывают хозяйственное развитие, культурную жизнь и выделяют основные этапы политической истории Улуса Джучи.

Ключевые слова: история Казахстана, Улус Джучи, политический строй, государственное устройство, хозяйственное развитие Улуса Джучи, этапы политической истории.

Narymbet G., Muldakhmetova Zh., Labenova R., Baybosynova G.

The political system of Ulus Juchi: history and gaps

The history of the Ulus Dzhuchi, a state that played a huge role in the history of many peoples of Eurasia, has attracted more and more attention of researchers in recent years. In this connection, this article considers the varieties of names of the Djuchid state in medieval sources and the reflection of the peculiarities of Ulus Djuchi in these names. The authors consider the peculiarities of the use of political, geopolitical, dynasty-political and compound names of the Golden Horde state. The article analyses the semantics of key concepts reflecting the state and administrative-territorial structure of Ulus Juchi and its successors, analyses the structure of the state system, determines the organisation of the bureaucratic apparatus and state

administration. Also the authors of this article describe the economic development, cultural life and highlight the main stages of political history of Ulus Juchi.

Keywords: history of Kazakhstan, Ulus Juchi, political system, state structure, economic development of Ulus Juchi, stages of political history.

References

- 1 (2024). Qasym-Zhomart Toqayev: Biz ozyq oily ult retinde tek qana alga qarauymyz kerek [Kassym-Jomart Tokayev: We, as a forward-thinking nation, must look only forward]. “*Egemen Qazaqstan*” gazeti — Newspaper “Sovereign Kazakhstan” [in Kazakh].
- 2 Ulattyq quryltaidy ushinshi otyrysty [The third session of the National Congress]. Retrieved from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulattyq-kuryltaidy-ushinshi-otyrys-otkizdi-152631> [in Kazakh].
- 3 Mustakimov, I.A. (2012). Gosudarstvennoe ustroystvo, territorialnyi sostav i etnosotsialnaia struktura Dzhuchieva Ulusa XIII–XVI vv. [State structure, territorial composition and ethnosocial structure of the Dzhuchiev Ulus in the 13th–16th centuries]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Kazan [in Russian].
- 4 Abuseitova, M.Kh. (2006). *Istoriia Kazakhstana v persidskikh istochnikakh: Sbornik materialov, otnosiashchikhsia k istorii Zolotoi Ordy* [History of Kazakhstan in Persian sources. Vol. 4. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Almaty: Daik-Press, 4 [in Russian].
- 5 Rashid ad-din. (2019). Shuab-i pandzhgana (Piat rodoslovii) [Shuab-i panjgana (Five genealogies)]. (Ch.I. Hamidova, Trans). Kazan: Institut istorii imeni Sh. Mardzhani Akademii nauk Respubliki Tatarstan [in Russian].
- 6 Otemis qazhy. (2005). Shyngys-name [Genghis-name]. Almaty: Daik-Press [in Kazakh].
- 7 Otelbaiuly, G. Batys pen Shygysty biriktirgen Batu [Batu united the West and the East]. Retrieved from <https://e-history.kz/kz/news/show/339482> [in Kazakh].
- 8 Khereed, Zh.U. (2022). Mongolskaia stranitsa istorii Ulusa Dzhuchi [Mongolian page history Ulusa Juchi]. *Zolotoordynskoe obozrenie — Golden Horde review*, 10 (4), 819–839 [in Russian].
- 9 Gumilev, L.N. (1993). Drevniaia Rus i Velikaia step [Ancient Russia and the Great Steppe]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 10 Derfer, G. (1965). Turkische und mongolische Elemente im Neupersischen [Turkish and Mongolian Elements in New Persian]. Weisbaden. Franz Steiner [in Turkish].
- 11 Chinzorig, B., Gerelbadrakh, Zh., & Olziibaatar, D. (2019). Zuchiin uls [Ulus Juchi]. Ulaanbaatar: Steppe publishing.
- 12 Petrushevskii, I.P. (1960). Zemledelie i agrarnye otnosheniia v Irane XIII–XIV vv. [Agriculture and agrarian relations in Iran XIII–XIV centuries]. Moscow–Leningrad: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR [in Russian].
- 13 Sultanov, T.I. (2017). K istoriografii etnopoliticheskoi istorii Ulusov Dzhuchi i Chagataia [Historiographic ethnopolitical history of Ulusov Juchi and Chagataya]. *Zolotoordynskoe obozrenie – Golden Horde review*, 1, 74–92 [in Russian].
- 14 Tizengauzen, V.G. (1884). Sbornik materialov, otnosiashchikhsia k istorii Zolotoi Ordy. Izvlecheniia iz sochinenii arabskikh [A collection of materials related to the history of the Golden Horde. Vol. 1. Izvlekeniya iz sochinenii arabikh]. Saint Petersburg, 1 [in Russian].
- 15 Usmanova, M.A. (1979). Zhalovannye akty Dzhuchieva Ulusa XIV–XVI vv. [Act of charter of Juchieva Ulus XIV–XVI centuries]. Kazan: Kazanskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 16 Tsolmon, S. (2006). Mongolyn Altan Ord uls [Mongolian Empire of the Golden Horde]. Ulaanbatar: Admon [in Mongolian].
- 17 Margulan, A.S. (2020). Istoricheskaia terminologiiia v kontekste izucheniia poniatii: «Ulus Dzhuchi» i «Zolotaia Orda» [Historical terminology in the context of studying concepts: “Ulus Juyi” and “Golden Horde”]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo pedagogicheskogo universiteta imeni Abai. Serii Istoricheskie i sotsialno-politicheskie nauki — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Series: historical and socio-political sciences*, 2, 613–617 [in Russian].
- 18 (1903). Kazanskii letopisets [Kazan Chronicler]. *Polnoe sobranie russkikh letopisei — Complete Collection of Russian Chronicles*. Saint Petersburg, XIX [in Russian].
- 19 Egorov, V.L. (2010). Istoricheskaia geografiia Zolotoi Ordy v XIII–XIV vv. [Historical Geography of the Golden Horde in the 13th–14th Centuries]. Moscow: Krasand [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет

Нарымбет Гүлнұр — аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-9098-8910>

Мулдахметова Жанар — т.ғ.к., аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-4322-0543>

Лабенова Рабига — аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-4204-0647>

Байбосынова Гулзада — аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-6017-6110>

Information about the authors

Narymbet Gulnur — Senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

Muldakhmetova Zhanar — Candidate of historical sciences, Senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

Labenova Rabiga — Senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

Baybosynova Gulzada — Senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

Buketov University